

Федоров ауданының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 286 қаулысы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 56-бабы 2-тармағына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабы 2-тармағына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын Федоров ауданының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындары таза кірісінің бір бөлігін мемлекеттік кәсіпорынның таза кірісі сомасының 50 пайызы мөлшерінде аудару нормативі белгіленсін.

2. "Федоров ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

- осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Федоров ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында оның орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Федоров ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Исабаев